

Саркулова С.Д.¹, Калдыбаева С.С.²

¹ *PhD доктор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

² *магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

XX-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТАТАР ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АҒARTУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Ғасыр басында түркі жұртының оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу ұлтжанды зиялылары халықтың рухани мұраларына ерекше ден қойып, бар ерік-жігерін оқу-ағарту саласының күшеюіне бағыттады. Бұл жолда татар зиялыларының атқарған рөлі мен орны ерекше. Татар зиялылары тек өз халқының ғана емес, бауырлас, діндес өзге де түркі – мұсылман халықтарымен тығыз байланыстар орнатып, олардың мұң-мұқтажына көпшіліктің назарын аударуға талпынды. Осы бір талпыныстар татар баспасөздерінен айқын көрінді.

Татар зиялылары еңсені басқан отарлық езгіден халық рухын көтерудің бір құралы баспасөз деп білді. Расында да жерінен, саяси бостандығынан айырылған талай түркі-мұсылман жұртының соңғы үміті, соңғы тірегі баспасөз болатын. Сонымен қатар оқу-ағарту саласында, баспаханалардағы жұмыстарда да татар зиялыларының қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы ағартушылық қызметіне жоғары баға беруге болады.

Түйін сөздер: баспа, интеллигенция, қоғам, ғалым, білім, кітап, мектеп.

S.Sarkulova¹, S. Kaldybayeva²

¹ *PhD doktor, Kazakh National Women`s Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan*

² *master, Kazakh National Women`s Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan*

EDUCATIONAL ACTIVITIES OF TATAR INTELLECTUALS IN KAZAKH SOCIETY IN THE EARLY 20TH CENTURY

Abstract

At the beginning of the century, educated, open-minded and patriotic representatives of the intelligents of the Turkic people paid special attention to the spiritual heritage of the people and focused all their efforts on strengthening the sphere of education. The Tatar intelligents has a special role and place in this direction. The Tatar intelligents tried to draw public attention to the needs not only of its people, but also with other fraternal, Turkic-Muslim peoples with whom it had established close ties. These efforts are clearly reflected in the Tatar periodical publishing.

The Tatar intelligents saw the periodic printing as one way to lift the spirit of the people away from colonial oppression. Indeed, the periodic seal was the last hope and support for many Turkic-Muslim peoples deprived of their land and political freedom. At the same time, it is possible to commend the educational activities of the Tatar intelligents in the formation of the Kazakh intelligents in the field of education and in the works of publishing houses.

Keywords: publishing house, intellectuals, society, scientist, education, book, school.

Саркулова С.Д.¹, Калдыбаева С.С.²

¹ *PhD доктор, Казахский национальный женский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан*

² *магистр, Казахский национальный женский педагогический университет,
г.Алматы, Казахстан*

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТАТАРСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Аннотация

В начале века образованные, непредубежденные и патриотичные представители интеллигенции тюркского народа уделяли особое внимание духовному наследию народа и сосредоточили все свои усилия на укреплении сферы образования. Особую роль и место в данном направлении занимает татарская интеллигенция. Татарская интеллигенция пыталась привлечь внимание общественности к потребностям не только своего народа, но и с другими братскими, тюрко-мусульманскими народами, с которыми установила тесные связи. Эти усилия нашли яркое отражение в татарской периодической печати.

Татарская интеллигенция рассматривала периодическую печать как один из способов поднять дух народа от колониального гнета. Действительно, периодическая печать была последней надеждой и поддержкой для многих тюрко-мусульманских народов, лишенных своей земли и политической свободы. Вместе с тем, можно дать высокую оценку просветительской деятельности татарской интеллигенции в формировании казахской интеллигенции в сфере образования и работах издательских домов.

Ключевые слова: издательство, интеллигенция, общество, ученый, образование, книга, школа.

Елімізде демократиялық бетбұрыс кезеңінде болып жатқан саяси экономикалық және рухани өзгерістер тарих ғылымы алдына көптеген мәселелер қойып отыр. Әсіресе рухани салада оқу-ағарту ісіне түйінді әрі күрделі проблемалардың шешу жолдарын табуға талпыныстар жасалынып, оның түпкі себептері тарих қойнауында екендігіне назар аударуда. Ал мұндай жағдай тарихшыларға үлкен жауапкершілік жүгін артатыны белгілі.

Мәселен халыққа білім беру саласының даму жолдары тарих саласында осы уақытқа дейін біршама зерттелінген тақырыптардың бірі деуге болады. Алайда зерттеу үрдісінде әрдайым шыншылдық, ғылымилық, объективтілік принциптері қатаң сақталады деп айту қиын. Себебі, Отан тарихы ондаған жылдар бойы жалпы одақтық тарих ғылымының құрамдас бөлігі деп табылып, нәтижесінде оның даму арнасымен жазылған болатын. Бұл жағдай өзгеде орыс емес ұлттар тарихы секілді қазақ халқы тарихында екінші дәрежелі сипатта деп ұғуға барлық прогресивті оқиғалармен құбылыстар тек орыс халқы арасында болды деп түсінуге алып келгені белгілі. Бұқара санасына күштеп сіңірілген мұндай партиялық принциптерге құрылған шамадан тыс идеологияландырылған тарих ұлттық оқу-ағарту ісін зерттеуге де өз көлеңкесін түсірмей қойған жоқ.

Қай қоғамды алсақ та ағартушылық жұмыстарында кітап пен газет-журналдар басып шығаратын баспаханалар мен баспасөздің маңызы өте жоғары болды. Баспасөз пен баспалардың пайдасын білімі, өнері өзгелерден оқ бойы алда тұрған татар зиялылары ертерек байқағанын көруімізге болады. Сондықтан да олар, газет-журнал шығаруда, кітап басуда, оны жарыққа шығаруда ерекше ықылас білдірді. «1907 жылғы санаққа қарасақ, - деп көрсетті «Қазақ» газеті, Ресейде сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш есімді газет һәм журнал шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде басылыпты. Сол сегіз жүз алпыс жетінің ішінде біздің татар қандастарымыздың отыз шамалы газеті мен журналдары болды. Бізде біреуі де болмады. Сөз-қару, мұны бұзуға жұмсасақ бұзады, т үзеуге жұмсасақ түзейді. Сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттың өзі түзелуге бет алғанын көріп отырмыз. Алыстан іздемей, жақыннан-ақ алайық. Күні кеше өзімізбен шамалас, қатар халық –татар қарындастарымыз сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастап еді, түзеліп бара жатыр. Орысша оқи алғаннан басқа, жастарын оқытып, көздерін ашып отырған татар. Бұл татардың бізден ілгері кеткендігі, олар бізден емес, біздің олардан үйреніп жатқанымыз, білім дәрежесінде біздің төмендігімізді көрсетеді» [1, 560-б.].

XX ғасырдың бас кезі татар халқының оянып, жаңа ізденістер мен жаңалықтар жолына түсуінің бастау көзі болды. Әсіресе, татар әдебиеті барынша қарқын алып, кең қанат жайды. Ресейде татар баспасөзі мен әдебиеті, татар зиялыларының мәдени істері қарқынды дамыды. Татарлар талай жылдар жасай алмаған әдебиетін жасап, түркі жұртына танымал әдебиет алыптарын тудырды. Бұған ғасыр басындағы Ресейдегі саяси оқиғалар, 1904 жылғы орыс-жапон соғысы, 1905-1907 жылдардағы революция және сол тұстағы саяси-әлеуметтік бетбұрыстар мен қоғамдық күштердің топтаса бастауы игі ықпалын тигізді.

XX ғасыр басындағы қазақ-татар әдеби-мәдени байланыстарының дамуына XIX ғасырдың екінші жартысында екі халықтан шыққан ағартушылар да игі алғышарттар жасады. Бұлардың қатарына татар ағартушыларынан Ш. Маржани, Х. Фаизханов, С. Кукляшев, Ғ. Махмұтов, Қ. Насыри және тағы басқаларды, ал, қазақтардан Ш.Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтарды атауға болады. Олар татар тілі мен қазақ тілін жақсы білетін, Батыстың да, Шығыстың да мәдениетін қатар меңгерген өз заманының озық ойлы, терең білімді жандары болатын.

Қазақ арасына татар баспасөзінің, әдебиетінің таралуына татар молдаларының, университет оқытушылары мен мектеп, медресе мұғалімдерінің де қосқан үлесі зор. Мысалы, қазақтардың хат танып, мұсылманша сауат алуына татар молдалары бірқыдыру ат салысса, Шоқан, Ыбырай сияқты оқымыстылардың жан-жақты білім алуларына университеттік білімдері бар татар зиялылары Х. Фаизханов, М. Бекчурин, У. Мусин, татар арасынан шыққан алғашқы ғылым кандидаттарының бірі Салих Бекташұлы Кукляшев сияқты оқытушылар өз үлестерін қосты. Татар молдалары арқылы Шоқан, Абай, Ыбырай сияқты қазақ оқығандары татар тілін еркін меңгеріп, татар тіліндегі баспасөз материалдарын оқып, біліп отырды. Ы. Алтынсаринге Орынбор шекара комиссиясының жанынан ашылған қазақ-орыс мектебінде білім берген С. Б. Кукляшев кейіндері де талай үлгі-өнегесін, тәлімі мен тағлымын көрсетті. Оны қазақ-татардың екі ағартушысының еңбектерінің аттары да байқатпай қоймайды. Мысалы, С.Б. Кукляшев 1859 жылы «Татар хрестоматиясын» жазса, Ы. Алтынсарин 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясын» жарыққа шығарды. Ы. Алтынсаринге татар ағартушы-ғалымы Қажо Насыридің де ықпалы мол болды. Олардың идеялық-творчестволық байланыстары тамаша туындыларды дүниеге келтірді. Нәтижесінде, тақырыбы сарындас, идеясы мен мазмұны үндес шығармалар туындады. Татардың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы, татар прозасы мен балалар әдебиетінің негізін салушы Қ. Насыри жаңа типті мектептер ашты, 1880 жылы «Қазан татарларының сенімдері мен ырымдарын», дінді уағыздайтын «Отыз уағыз» атты еңбектерін жазды. Ы. Алтынсарин болса, 1879 жылы «Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркін», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» және дін тақырыбындағы «Шарайт-ул ислам» еңбектерін шығарды. Қ. Насыридің шығармаларын, соның ішінде, «Әбдуғалиссина хиссасы» атты әңгімелер жинағын қазақ оқырманда-ры сүйіп оқитынын «Дала уалаяты» атты қазақ газеті жария етті және осы баспасөз татар оқымысты-ларының еңбектері жөнінде қазақ оқырмандарын хабардар етіп, таныстырып отырды [2, 701 б.].

Татар зиялылары ашқан баспаханалардан шыққан қазақ авторларының шығармаларын татар оқымыстылары жоғары бағалап, олардың творчествосына қатысты пікірлерін баспасөз арқылы білдіріп жатты. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиетінің маңызын төмендетіп көрсеткісі келген кейбір кереғар пікірлі жандарға тойтарыс беріп, қазақ поэзиясынан үлгі-өнеге аларлық тұстардың басымдығын да көрсете білді.

Қазақтың тұңғыш бейресми, саяси бағыттағы мерзімді баспасөзін шығаруға татар зиялылары, дәлірек айтқанда, «Үлфәт» газетінің редакторы Ә. Ибрагимов жәрдем беріп, көмек қолын созды. Сөйтіп, 1907 жылы «Серке» атты қазақтың төл газеті жарыққа шықты. Онда М. Дулатовтың «Біздің мақсатымыз», «Жастарға» атты мақалалары жарияланды. Алайда, оның ғұмыры аса қысқа болды. 1907 жылы полиция өкілдері газет бетінде жарияланған мақалаларда қазақты орыс халқына қарсы үндеу бар деген сылтаумен «Үлфәт» пен «Серке» газеті жабылды [3, 24-25 б.].

Ұлттық мерзімді баспасөзді шығаруға деген талпыныстардың бұдан кейінгі барысы да көпке созылмады.

Қазақ журналистикасы тарихында қазақтың тұңғыш ұлттық журналы ретінде орын алатын «Айқап» басылымы 1911 жылы дүниеге келді.

Білім беру саласына келсек, XIX ғасырдың ортасындағы Қазақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселерге оқытушылардың басым бөлігі татар молдалары болғанын басында айтып өттік. Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары осы татар молдаларынан білім алған. Мәселен, қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов алғаш рет татар

молдаларынан білім алып, алыс мекендерде мұсылмандық сауаттылықты таратқан. Ғалым Б.Ысқақов «Татар-қазақ әдебиеттері байланысының негізгі кезеңдері» атты еңбегінде Ш. Уалихановтың татар тілі мен жазуын еркін меңгергендігін, оның үстіне татардың алдыңғы қатарлы ағартушыларымен, солардың ішінде Ш. Маржанимен таныс болғандығын атап өткен [4, 6-б.].

1860 жылы Ш.Маржани мен оның шәкірті Х.Файзханов татардың алдыңғы қатарлы элитасының және дінін құруға талпынады. Орынбор діни басқармысының муфтиі орнына келуге тырысты. Татар ағартушыларының бірі Хұсайын Файзханов пен Шоқанның арасындағы достық қарым-қатынастың болғандығы туралы ғалым Б.Ысқақов, өз еңбегінде Шоқанның Петерборға барған кезде Хұсайынның үйінде қонақта болғандығы турасында жазып өтеді [5, 16-б.].

Татар ұлтынан шыққан зерттеуші этнограф және өлкетанушы Құрбанғали Халиди 1846 жылы Аягөзде туып, Семей медреселерінің бірінде оқиды. Ол 1889 жылы «Тарих-и Джарида и Джаида», ал 1910 жылы «Тауар-и Хамса шарки» кітаптарын Қазан қаласында басып шығарды. [5, 16-17б.].

Галиев В.З. «Караванные тропы: Из истории общественной жизни Казахстана XVII-XIX веков» атты еңбегінде өзінің басты мақсатының не екендігін былайша көрсеткен: «Орта Азия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң қазақ ахуалдары мен хандары туралы жазуға кірістім. Бұл халықтың тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекелеген жазба тарихы мен естеліктері болмаған, әркім әртүрлі пікір айтып, біреулер жаман ниет арам оймен, енді біреулері тек мұқатуды мақсат еткен. Кезіндегі бақыстар тарихты анығырақ түсіндіруге білімдері жете тұра, оған мән бере қоймаған. Нәтижесінде мағынасы анық ел тарихы баяндалмады. Осындай себептермен, мен бар күшқайратымды жұмсап жиырма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты ақпараттар мен мәліметтер жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алып осы кітапты жаздым», - деп өз ойын ортаға салады. [6]

XIX ғасырда патшаның отарлау саясатының күшейіп тұрған шағында татар молдаларының қазақ жерінде мұсылман мектептерін ашуы патша үкіметіне секем туғызады. 1970 жылғы ереже бойынша барлық мұсылман мектептеріне бақылау орнатылып, Ильминскийдің жүйесі енгізіле бастады. Оның себебі, бұл мектептерде орыс грамматикасы мен жазуына үйретпейді, молдалар отырықшы жерлерде мектеп ашпайды, бұл мектептердің еш маңыздылығы жоқ -деп көрсетті [7, 7-б.].

Ғалым М.Мырзахметов көрсеткендей, миссионерлер алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлшектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Себебі, біріншіден, татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ беріп, дін таратты, кеңсе жұмыстарын атқарып, тілмаштық қызмет етсе, екіншіден қазақтар татарларға ислам дініне наным осалдау, оларда ескі исламдық наным мен мұсылмандықты қосарлана пайдалану жағы басым болды [8, 508 - б.]. Міне, сондықтан патша үкіметі осындай ерекшеліктерді сезініп, қазақ жеріне миссионерлерді жіберіп, орыстандыру саясатын жүргізе бастады.

XX-ғасырдың басында Қазақ жеріне алдыңғы қатарлы демократиялық татар мәдениеті, ойшылдарының прогрессивті ақыл-ойлары кең түрде еніп, қазақ халқының ағартушы – демократиялық көзқарастарына әсер еткені белгілі. Қазақ даласында тілмаш болған және сауда жасауға келген татар көпестері бұл елде оқудың маңыздылығын көздерімен көргендіктен мешіт пен медреселер салып, Қазаннан арнайы оқыған молдаларды шақыртқан. Қазандағы медреселерде Орынбор, Семей сияқты қалаларынан келген қазақ балалары да дәріс алған [9, 15-16 б.].

Қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынов Н.Ильминскийдің ағартушылық әрекетінің түп - төркінін: «Қазақ - діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай деген пікірмен, патша өкіметі қазақ пен ноғай арасында жік салып, екеуін айырғысы келді. Ол үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын саясат жүргізілді,» - дей келе, қазақ балалары үшін орыс мектептері ашылып, кітаптардың бірте-бірте орысша шығарыла бастады. Патша үкіметінің орыстандыру саясатының бір көрінісі екендігін де келтіреді [10, 256 б.].

XIX ғасырдың 90-жылдары мен XX ғасырдың басында татарлар арасында «жаңа әдісті» мектептер ашыла бастады. Онда география, тарих, есеп, жаратылыстану пәндерін оқу бағдарламасына енгізді. Мұсылман мектептері мен медреселері Н. Сәбитов көрсеткендей, қазына мен жергілікті жердегі құрылтайшылардың есебінен қаржыландырып отырған [11, 26 б.]. 1905 жылға қарай мұндай мектептердің саны арта түсті. Ғалым Т Тәжібаевтың жазуы бойынша, патша үкіметі татар молдаларының бет пердесін қазақ арасына мұсылман дінін таратуды ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Орта Азияға Ресейдің беделін түсіруші есебіне көрді [12, 39 б.]. Әулиеатаның қазағы Садық Абанов «Айқап» журналалына жариялаған мақаласында

Орынбордағы «Медресе Хусаинияға» түсуге Хасен Бегиев, Шарифалдин Мұхиталдинов сияқты татар азаматтарының 20 сом ақша беріп, көмектескендігін жазып, рахмет айтқан [13].

Уфадағы «Медресе Ғалияның» шәкірттері қазақ тілінде шығатын кітаптарға мұрындық болған. Мәселен, 1911 жылы Ішкі Орданың Ғұмар Қарашұлының «Өрнек» атты кітабын қазақ – қырғыз шәкірттері бастыртқан [14, 236 б.]. Бұл «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырған. Негізінде бұл медресе қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары оқыған. Олардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, Б. Серкебаев, барлығы 50 -ден астам азаматтар білім алған болатын. 1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық жарық көрді. Медреседе оқыған қазақ жастары 1913-1914 жылдары «Садақ» атты қолжазба журналын шығарған, көкейдегі ойларын жазған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ жастары жер – жерде мұғалім болып, халықты сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосты.

Қарағандыдағы «Медресе Әмирияда» қазақ -татар балалары аралас оқыған. «Айқап» журналында бұл медреседе 1912 жылы қазақ шәкірттерінің оқығандығы жөнінде мәлімет келтірілген [15, 311 б.].

Қазақтың әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына татарлардың әдеби тілі әсер еткен. Татарстанның орталығы болған Қазан қаласында қазақ кітаптары мен журналдары, атап айтқанда, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың кітаптары жарық көрді.

Ұлы Қазан төңкерісіне дейін Қазан қаласында араб әрпінде 2.037480 данамен 434 қазақ тілінде кітаптар шыққан [16]. Семейде татарлардың «Ярдем» атты баспаханасы болып, 1912 жылы аталған баспадан Шәкәрім Құдайбердіұлының екі бірдей кітабы жарық көрген.

Татар халқының ғалым, жазушылары қазақ халқының тұрмыс тіршілігіне, әдет-ғұрпына арнап ғылыми еңбектер мен көркем шығармалар жазған. Ғалымжан Ибрагимов қазақ тұрмысына арнап «Қазақ қызы» атты роман жазса, ал Бурнамның «Қорқыт» атты шығармасы дүниеге келген. Сонымен қатар татарлар Қазақстан мен Орта Азияда медреселер ғана емес, ағартушылық қоғамдар, қайырымдылық қорлары мен кітапханалар ашу ісімен де айналысты.

1900 жылы Верный қаласында «Ағартуды көркейтушілер қоғамы» (общество ревнителее просвещения) құрылып, оның құрамына 120 – дай адам мүше болды. Бұл қоғам өз алдына барлық халықтар арасында ағарту ісін жандандыруды мақсат тұтты. 1901 жылы жексенбілік мектеп ұйымдастырылды. Бұл мектепте жалпы саны 92-ге жететін оқушы білім алды. Сондай -ақ, Верныйда татарлардың қолдау көрсетуімен 1907 жылы мұсылман кітапханасы ашылды [17].

Тарихшы ғалым В.Галиев көрсеткендей, Ахмет Кәрім Зайнуллин Верный қаласындағы «сенбілік жиналыс ұйымының» отырысына қатысып, татар, қазақ, араб және ұйғыр тілдеріндегі 6000 кітапты мұсылман кітапханасына өткізген. Сонымен қатар ол Қазан қаласына қазақ тілінде 29 кітап шығаруға тапсырыс берген. Кітапхана қорында тиым салған бірқатар кітаптар да болған. Үкімет зиянды деп тапқан кітаптарды мұсылмандардың арасына таралуына Сыртанов, Қуатов, Мәуленқұлов, Зайнуллин сияқты татар-қазақ азаматтары мұрындық болған.

Қорыта айтсақ, ХХ ғасырдың басында татар жерінде жарыққа шыққан мерзімді басылымдар мен кітаптар, газет журналдардың қазақ жеріне көптеп таралуы қазақ интеллигенциясының қалыптасуына да айтарлықтай үлес қосты. Қазақ жерінде болған татар ағартушылары патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамастан қазақ халқының оқу-ағарту салаларына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар қазақ жеріне қазақ тілінде шыққан кітаптарды таратуда айтарлықтай жұмыстар істеді. Қазақ-татар мерзімді баспасөздеріндегі ортақ тақырып, ортақ мәселе екі халықтың тілдегі, пікірдегі, діндегі және ділдегі ынтымақтастығының да арта түсуіне жол ашып берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақ газеті/ құрастырған Ү.Субханбердина және т.б. Алматы- «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998*
2. *«Дала уалаятының газеті». – Алматы: «Ғылым», 1994*
3. *Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993.*
4. *Тажибаяев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-ата, 1962.*
5. *Ысқақов Ы. Татар-қазақ әдебиеттері байланысының негізгі кезеңдері Алматы, 1970ж.*
6. *Галиев В.З Караванные тропы: Из истории общественной жизни Казахстана XVII-XIX веков – Алматы: Атамұра, 1994.*
7. *Құрбанғали Хамид. Тауарих хамса (бес тарих). Алматы: Қазақстан, 1992.*

8. Тажыбаев Т. Көрсетілген еңбек. 1962 ж.
9. Мырзахметов М. Қазақ қалай орналастырылды. Алматы: Атамұра 1993 ж.
10. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы, 1989 ж.
11. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. Алма-Ата. 1950 ж.
12. Тажыбаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата. 1962 ж.
13. Айқап. 1992. №12
14. Айқап. 1992. №10
15. Айқап. 1992. №14
16. Каримуллин А.Г. Книга и люди. Казань, 1985.
17. Галиев В.З. Тюркская библиотека в Верном. - Алматы:НБ.РК, 2001.

References:

1. Kazakh newspaper / compiled by U. Subhanberdina et al. Almaty - main editorial office of the "Kazakh encyclopedia", 1998
2. "newspaper of the Steppe Walayat". - Almaty: "Science", 1994
3. Abdumanov O. newspaper "Kazakh". - Almaty: Kazakhstan, 1993.
4. Tazhibayev T. Prosveshchenie and schools of Kazakhstan in the second half of the year XIX. Alma-Ata, 1962.
5. Iskakov I. The main stages of the relationship between Tatar and Kazakh literature Almaty, 1970.
6. Galiev V. Z. caravan trails: from the history of public life of Kazakhstan XVII-XIX vekov – Almaty: Atamura, 1994.
7. Kurbangali Hamid. Tarih Hamsa (five stories).Almaty: Kazakhstan, 1992.
8. Tazhibayev T. The Work shown. One thousand nine hundred sixty two
9. Myrzakhmetov M. how the Kazakh was placed. Almaty: Atamura 1993
10. Works Of A. Baitursynov. Poems, translations, research. Almaty, 1989
11. Sabitov N. School and madrasa in Kazakhs. Father Apple. 1950s
12. Tazhibayev T. Prosveshchenie and schools of Kazakhstan in the second half of the XIX century. Alma-Ata. One thousand nine hundred sixty two
13. scream. 1992. №12
14. scream. 1992. №10
15. scream. 1992. №14
16. Karimullin A. G. book and people. Kazan, 1985.
17. Galiev V. Z. turkskaya Biblioteka in Vernom. - Almaty: NB.RK, 2001.